

АМЕРИКАН-ҚЫТАЙ ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ ТРАМП ФАКТОРЫ

Айболат ДАЛЕЛХАН* *PhD докторы, қауымдастырылған профессор м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан, dalelkhan@gmail.com*

Дана ТУРЕКУЛОВА *Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Халықаралық қатынастар факультетінің магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан, turkulovadana@gmail.com*

DOI: 10.52123/1994-2370-2022-632

ӨЖ 327.3

ҒТАХТК 11.25.19

Аңдатпа. Мақалада Трамп билігі тұсындағы Америка Құрама Штаттарының сыртқы сауда-экономикалық саясаты қарастырылады. Трамп өкімшілігі жүргізген салық саясатының АҚШ экономикасының дамуына қалай әсер еткені талданады. Оңтайлы салық саясатының АҚШ-тың сыртқы сауда қатынастарына тигізген әсері, нақтырақ айтқанда Қытай мен АҚШ арасындағы сауда-экономикалық байланыстарына әсері зерделенеді. Және де, тарифтік соғыстың Қытай экономикасына салдары қытайлық академиялық зерттеулер негізінде талданады. Сонымен қатар, мақалада АҚШ пен Қытай арасында қалыптасып отырған экономикалық теке-тірестердің себептері мемлекеттердің сыртқы саяси-экономикалық мүдделері тұрғысынан түсіндіріледі. Зерттеу мақсатына қол жеткізу барысында тарихи-салыстырмалы, статистикалық, құрылымдық талдау және жүйелеу тәсілдері кеңінен қолданылды.

Түйін сөздер: американ-қытай қатынастары, сауда соғысы, салық саясаты, салық реформасы, инвестиция.

JEL кодтар: F13, F21, F41, F44

Abstract. This article discussed Trump's foreign trade and economic policy and the impact of the Trump administration's tax policy on the development of the US economy. Also studied the impact of the optimal tax policy on US foreign trade relations, in particular the impact on trade and economic relations between China and the United States. It also analyzes the consequences of the tariff war for the Chinese economy based on Chinese academic research. The article explains the reasons for the economic tension between the US and China from the point of view of the foreign policy and economic interests of the countries. In order to achieve the goals of the study, the historical-comparative, statistical, structural analysis and systematization methods were used.

Keywords: US-China relations, trade war, tax policy, tax reform, investment.

JEL codes: F13, F21, F41, F44

Аннотация. В статье рассматривается внешнеторговая и экономическая политика Трампа. Обсуждается влияние налоговой политики администрации Трампа на развитие экономики США в целом. А также изучено влияние оптимальной налоговой политики на внешнеторговые отношения США, в частности влияние на торгово-экономические отношения между Китаем и США. Также анализируются последствия тарифной войны для китайской экономики на основе китайских академических исследований. Кроме того, в статье объясняются причины экономической напряженности между США и Китаем с точки зрения внешнеполитических и экономических интересов стран. Для достижения целей исследования широко использовались методы историко-сравнительного, статистического, структурного анализа и систематизации.

Ключевые слова: американо-китайские отношения, торговая война, налоговая политика, налоговая реформа, инвестиции.

JEL коды: F13, F21, F41, F44

Кіріспе

Қазіргі әлемдік тәртіптің нақты сипатын беру аса күрделі екені анық. Қоскіндікті әлемдік жүйе ыдырасымен бүгінгі күнге дейін халықаралық қатынастар аумалы-төкпелі турбулентті сипатта дамып келеді. Алайда соған қарамастан соңғы онжылдықтың

көлемінде халықаралық қатынастардың болашақ даму көкжиектері біртіндеп айқындала бастаған тәрізді. Дэн Сяопин реформаларынан кейін қарыштап дамуды жолға қойған Қытай бүгінде тек ел экономикасын жетілдіре келе, халқының әлеуметтік жағдайын жақсартып ғана қоймай, әлемдік экономикадағы өрісін

* Хат-хабарларға арналған автор: А. Далелхан, dalelkhan@gmail.com

кеңейте отырып өзге халықаралық экономикалық қатысушылардың тынысын тарылта түсті. Геоэкономикалық парадигмалар басымдық алған ХХІ ғасырда әлемдік нарықтағы еркін іс-қимыл жасайтын өріс көкжиектерінің тарыла түсуі АҚШ тәрізді әлемдік астамдержаваның өзінің сыртқы саяси-экономикалық ұстанымдарында бірқатар терең өзгерістер жасауына әсер етті. ХХІ ғасырдың басында әлемдік өндіріс пен халықаралық саудадағы Америка Құрама Штаттарының үлесінің төмендеуімен бірге әлемнің геосаяси ландшафтының өзгеруіне және G2-нің пайда болуына әкелді. Эконометрикалық модельдерді қолдана отырып жүргізілген эмпирикалық зерттеулер Қытайдың экономикалық әсерінің шынымен жоғарылағанын көрсетеді. Қытайдың өз мүмкіндіктерін қаншалықты жасырғанына қарамастан, ҚХР қазірдің өзінде геосаяси таразының екінші басына мықтап орналасқанын көптеген зерттеу жұмыстарынан байқауға болады. Қытай билігінің соңғы үш буыны Дэн Сяопин атап кеткен «Салқынқандылықпен бақылау, байсалдылықпен жауап қату, айтқанында нық тұру, өз мүмкіндіктеріңді жасыра отырып оңтайлы сәтті күту, ешқашан көшбасшылықты өзіңе алмау, әрқашан бірдеңе жасауға дайын болу» деп келетін 24 иероглифті стратегиясын қатаң басшылыққа ұстанғанымен, Қытай көшбасшылық рөлді Дэн Сяопин көздеген 2050 жылы емес, уақыт талабына сай мезгілінен бұрын қолына алуға мәжбүр болып отыр. Себебі қазіргі әлем, бұрынғы әлемнен өзгереді. Қытайдың саяси философиясында сырын өзгеге білдірмей, өз жолымен даму қағидаты басым болып келгені анық. Сан ғасырлап бұл саясаттың өз жемісін бергені де тарихтан белгілі. Мин және Цинь дәуірі тұсында әлемге есігін айқара ашпай-ақ, әрі ашық жаугершілік саясатын жүргізбей-ақ Қытай әлемде бірінші экономикаға жеткені соның дәлелі. Алайда бүгінде «өз мүмкіндіктеріңді жасыра отырып оңтайлы сәтті күту, ешқашан көшбасшылықты өзіңе алмау» мүмкін емес. Себебі жаһандану үдерісінің басты қағидаты – «ашықтық». Ашық әлемде өз әлеуетіңді жасырып қалу, өзге ойыншылардың тасасына тығыла отырып, оңтайлы сәтте алғы шепке шығу неғайбыл дүние. Қазіргі

Қытайдың саяси-экономикалық, сондай-ақ әскери әлеуеті біреудің тасасында отыруға мүмкіндік бермейді. Тіпті Ресей тәрізді геосаяси алпауыттың өзі Қытайдың қазіргі экономикалық және ғылыми-технологиялық әлеуетіне көлеңке түсіре алмайды. Сол себептен де, бүгінгі таңда орын алып отырған АҚШ пен Қытай арасындағы теке-тірес заңды құбылыс.

АҚШ пен Қытай арасындағы бәсекелестіктің сауда соғысы тәрізді ашық теке-тіреске бастарын сарапшылар бұрыннан болжап келген еді. Әсіресе АҚШ-тың Республикалық партия пайымдарын жақтаушы беделді зерттеу орталықтары (think tanks) өздерінің еңбектерінде «АҚШ билігінің Қытайға қатысты саяси-экономикалық ұстанымының жеткілікті деңгейде қатал емес екенін, либералды әлемдік сауда қатынастарынан пайда көрген Қытай билігінің біртіндеп демократиялануын күту соқыр дәме екенін» жиі жазатын. Ал Си Цзиньпин бастаған бесінші буын билікке келісімен Қытай «Белдеу және Жол» бастамасы тәрізді жаһандық мегажобаның шеңберінде қытайлық капиталдарды әлемдік нарыққа белсенді шығара бастауы АҚШ-тың нақты қадамдарға баруына себеп болды. Сол себептен де Д.Трампың Қытайға қатысты саяси-экономикалық ұстанымына «сотқар бизнесменнің тентектігі» деп қараған орынсыз.

Көптеген зерттеушілер АҚШ пен Қытай арасында орын алып жатқан сауда-экономикалық теке-тірестерді сараптауда екі мемлекеттің бір-біріне қарсы жасаған нақты әрекеттерінің әсерін бағалауға тырысады. Алайда әлемнің бірінші және екінші экономикасының өзара терең байланыстылығының әсерінен мемлекеттердің ішкі саясатындағы өзгерістер тек екіжақты қатынастарға ғана емес, тіптен әлемдік экономикалық қатынастардың өзгеруіне айтарлықтай әсер етіп жатады. Аталмыш зерттеуімізде Д.Трамп тұсында АҚШ-та орын алған ішкі экономикалық саясаттағы өзгерістердің, нақтырақ айтқанда АҚШ-тың 45-президентінің жүргізген салық саясатының, тарифтік соғыстың Қытайдың экономикалық дамуы мен сыртқы сауда саясатына қалай әсер еткенін зерделеуді мақсат еттік.

Методология

Зерттеу жұмысында алдыға қойылған мақсат-міндеттерге қол жеткізу үшін келесідей тәсілдер пайдаланылды: екіжақты сауда-экономикалық қарым-қатынастардың құрылымын нақтылауда тарихи-салыстырмалы тәсіл кеңінен қолданылса, статистикалық тәсіл АҚШ пен Қытай арасындағы сауда-саттық байланыстарының көлемін бағалауда көмектесті. Сонымен қатар, Трамп әкімшілігінің жүргізген ішкі экономикалық саясатын талдауда ресми құжаттарды құрылымдық талдау тәсілі пайдаланылса, АҚШ-тың соңғы жылдардағы сыртқы сауда қатынастарын өз пайдасына икемдеуге бағытында жасалған шараларды кешенді түсіну мақсатында жүйелеу тәсілі де кеңінен қолданылды.

Трамп әкімшілігі салық саясатының американо-қытай қатынастарына әсері

Әлемдік сауда-саттық қатынастарының қазіргі моделі АҚШ-тың индустриялық әлеуетін әлсіретіп, Америка қоғамындағы әлеуметтік-экономикалық теңсіздік мәселесін ушықтырып отыр. Дамыған елдерді қытай импортына тәуелді ете отырып, АҚШ нарығын тарылта түсуде. Қытаймен екіжақты саудадағы үздіксіз өсіп келе жатқан дисбаланс, Қытайда орналасқан жоғары технологиялық компаниялардың бәсекеге қабілеттілігінің артуы және Қытайдың инвестициялық экспорт көлемінің өсуі әлемдік экономикадағы АҚШ-тың абсолюттік үстемдігіне нұқсан келтіруде.

АҚШ соңғы жарты ғасырдай уақыт көлемінде алғаш рет әскери және экономикалық тұрғыдан Вашингтонның «қалыпты гегемониясына» күмән келтірердей әлеуетті ел тарапынан туындаған жаңа сын-тегеуріндерге тап болғаны анық. Осы жағдайды басшылыққа ала отырып президент Дональд Трамптың елдің сыртқы экономикалық саясатын қайта қарады. Нәтижесінде халықаралық экономикалық қатынастарға айтарлықтай терең өзгерістер әкелген бірқатар құбылыстар орын алды. Атап айтқанда, Қытаймен тарифтік сауда соғысы, ішкі экономикалық реформалар, халықаралық экономикалық серіктестіктерден шығу және Канада,

Мексика, Жапония және Оңтүстік Кореямен сауда келісімдерін қайта қарау.

Д. Трамп әкімшілігінің маңызды бастамаларының бірі 2017 жылғы 22 желтоқсанда «Салықты төмендету және жұмыс орындарын құру туралы» заңға қол қою болып табылады (*UNCTAD Investment Trend Monitor, 2018*). Бұл 1986 жылғы салық реформасы туралы заңнан бері Америка Құрама Штаттарындағы қабылданған салықты төмендету туралы бірден-бір заң. Бұл салық реформасының негізгі құралы – салық жүйесін жеңілдету, шетелде капитал мен кірістің жоғалуын болдырмау, салық базасын кеңейту және корпорацияларға салық жүктемесін едәуір азайту арқылы американдық экономиканың дамуын ынталандыруды қарастырады:

- федералды табыс салығының ставкасы 35-тен 21%-ға дейін төмендеді;
- күрделі шығындарға салық шегерімдері енгізілді;
- шетелден заңды тұлғалардың активтерін қайтару салығы ақша үшін 35-тен 15,5% - ға дейін және өтімсіз активтер үшін 8% төмендеді;
- американдық трансұлттық компаниялардың (ТҰК) табыстарына жаһандық қағидат/резиденттік қағидаты (*worldwide taxation*) бойынша салық салудың орнына салық базасынан шетелдік пайданы (*territoriality taxation*) алып тастай отырып, АҚШ аумағында құрылған табыстарға ғана салық салу көзделді;
- американдық ТҰК-ның қаржы активтерін төмен салықтық юрисдикцияларға жаппай шығаруын болдырмау үшін АҚШ резиденттері бақылайтын шетелдік компаниялар туралы заңнаманың (*CFC legislation*) қолданылуын қатаңдату аясында шетелдегі американдық салық резиденттерінің материалдық емес активтерінен жинақталатын шетелдік табыстарға 10%-дық салық көзделді;
- салықтық базаны шетелге шығаруға жол бермеу аясында (*anti-base erosion rules*) американдық ТҰК шетелдік құрылымдық бөлімшелеріне төлемдерге салық салу (іс жүзінде табыс экспортына салынатын салық) қолданылады (*Final report. Mannheim: ZEW, 2017*).

Осылайша, Д.Трамптың салық реформасының мақсаты – ішкі

қаржыландыру көздерінен де, шетелден де инвестиция салу үшін АҚШ-тың салық климатының тартымдылығын арттыру. Табыс салығын қысқарту АҚШ-та бизнесті жүргізуге қолайлы жағдай туғызды. Еңбек нарығындағы жағдайды жандандыра келе (салық реформасы туралы Заңның – Tax Cuts and Jobs Act – жаңа жұмыс орындарын құруға баса назар аударылады), жеке табыс салығының шекті мөлшерлемелерінің аздап төмендеуі және жеке салық шегерімдерінің кеңеюі халықтың төлемге қабілетті сұранысы мен инвестициялық әлеуетін арттыра түсті. Сонымен қатар, американдық ТҰК-ның жинақталған қаражаты мен басқа да активтерін жергілікті юрисдикцияға қайтару үшін қолайлы жағдайлар қарастырылған.

Әлемдегі бірінші және екінші экономикалар болып есептелетін АҚШ пен Қытай экономикасы өзара етене кіріккен. Сол себептен де, бір елдің салық режиміндегі кез-келген өзгеріс екіншісіне де тікелей әсер етеді. Көптеген зерттеулерге қарайтын болсақ, Трамптың салық реформасының Қытай экономикасына кері әсері көбірек болғанын көреміз.

Біріншіден, бұл қытайлық инвестицияларға теріс әсер етті. Трамптың салықтарды азайту саясаты корпоративтік инвестициялық шешімдердің өзгеруіне әкелді. Жергілікті инвестицияларды ынталандырып қана қоймай, халықаралық капиталдың үлкен ағымын тарта отырып, жаңа жұмыс орындарының көптеп ашылуына жол ашты.

Екіншіден, АҚШ-тың инвестициялық климатының жақсаруы Қытайдың экономикалық және қаржылық тәуекелдерін арттыра келе, Қытайдан белгілі бір деңгейде капиталдың кетуіне қысым жасады.

Үшіншіден, салық мөлшерлемесін төмендету арқылы кәсіпорындарға түсетін салық ауыртпалығын төмендетті. Компанияларға үнемделген қаражатты өндірісті кеңейту және жаңа зерттеулер жүргізу үшін пайдалануға мүмкіндік берді. Салық реформасы американдық компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін едәуір арттырды. Тиісінше, қытайлық импорттық және экспорттық компаниялардың бәсекеге қабілеттілігі

біртіндеп әлсірей түсті. Бұл олардың нарықтағы американдық компаниялардың тегеурініне қарсы тұруын қиындатады.

Төртіншіден, кеден салықтарын қайта қарау мен жоғары тарифтер Қытайдың сыртқы саудасының оң сальдосына теріс әсер етті.

Трампа әкімшілігі тұсында қабылданған салық саясаты АҚШ экономикасының өсуіне тікелей әсер еткенін мойындау керек. АҚШ экономикасы пандемияға дейінгі жылдары, яғни 2017, 2018, 2019 жылдары ЖІӨ өсімі сәйкесінше 2,4%, 2,9% және 2,3% көлемінде болды. Бұл АҚШ тәрізді дамыған ел үшін жақсы көрсеткіш. Трамп билігі тұсында елдің ЖІӨ өсуі салыстырмалы түрде тұрақты болуы да салық реформасының табысты болғанының белгісі. Трамп әкімшілігінің салық саясатының оң нәтижесін Байден кабинеті де мойындайтындығын Ақ үйдің жаңа иесінің салық мөлшерлемелерін аса жоғарылатпағанынан-ақ көруге болады.

Трампың Қытайға қарсы тариф соғысы

2018 жылғы 23 наурыз Д.Трампа «Қытайдың экономикалық агрессиясына бағытталған Президенттік Меморандумға» және болат пен алюминийге тарифтерді енгізуге қол қойған кезде сауда соғысының ресми басталу күні болды деп саналады (*Vinogradov, 2019*).

Д. Трампың сауда туралы заңдарды бұзуға жол беретін елдерге қатысты шаралар туралы Жарлығына сәйкес (*Presidential Executive Order, 2017*) АҚШ-тың демпингке қарсы және өтемақы заңнамасын қолдануы жанданды. Сонымен, 1974 жылғы сауда актісінің 301-бөлімі американдық билікке «әділетсіз» сауда практикасына жауап ретінде қатаң шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. АҚШ президентінің «Халықаралық сауда келісімін бұзатын немесе кемсітетін немесе АҚШ саудасын шектейтін шетелдік үкіметтің кез-келген әрекетінің салдарын жою үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға» құқығы бар (*Public Law, 93-618*). Сауда актісінің 201-бабы американдық өндірушілерді импорттың ағынынан қорғау үшін қосымша кедендік баждарды уақытша енгізуге мүмкіндік береді (*Trade Act, 1974*).

Осы заңнамалық актілерге сүйене отырып, АҚШ Қытай тарапынан жауапсыз қалмайтын шектеу шараларын қолдана

бастады. Төмендегі 1-кестеде (*Suisheng, 2019*) шектеу шаралары нақты аталады.


1 кесте – АҚШ пен Қытайдың сыртқы сауда бойынша өзара шектеу шаралары

Уақыт кезеңі	АҚШ әрекеттері	Қытай әрекеттері
2018 жыл ақпан-сәуір	Жаһандық қорғаныс тарифтері: күн батареяларына 30%; кір жуғыш машиналарға 20%; болат импортына 25%; алюминий импортына 10%.	Ауылшаруашылық тауарларының 128 санатына 15-25% тарифтер.
2018 жыл шілде	818 тауарға 25%-дық тариф (34 миллиард доллар сомасына импорт)	Ауыл шаруашылығын қоса алғанда, 545 тауарға 25%-дық тариф (34 миллиард доллар сомасына импорт)
2018 жыл тамыз	279 тауарға 25%-дық тариф (16 миллиард доллар сомасына импорт)	333 тауарға 25%-дық тарифтер (16 миллиард доллар сомасына импорт)
2018 жыл қыркүйек	Қытайдан 200 миллиард доллар импортына 10% тариф (2019 жылы одан әрі 25%-ға дейін көтерілуді ескере отырып жарияланған)	60 миллиард доллар сомасына 5% және 10% импорт тарифтері
2018 жыл желтоқсан	АҚШ тарифтердің жаңа тізімі кейінге қалдырылатынын жариялайды	Ауылшаруашылық және энергетикалық өнімдердің импортын арттырады, сонымен қатар автомобильдер мен автомобиль өнімдерінің тарифтерін 25% - дан стандартты 15% - ға дейін төмендетеді
2019 жыл маусым	Huawei-мен сауда-саттыққа тыйым салу қайта қаралуда. 110 өнім 25% тарифтен алынып тасталды	Қытай ауыл шаруашылығы өнімдерінің импортын ұлғайту жөніндегі өзінің жоспарлары туралы хабарлайды

Трамп билігі тұсындағы Америка-Қытай сыртқы экономикалық байланыстарының жай-күйін және 2018 жылы болған оқиғаларға байланысты олардың даму динамикасын неғұрлым толық түсіну үшін 2016-2018 жылдардағы екіжақты экономикалық қатынастардағы өзгерістерді көрсететін сыртқы экономикалық қызмет көрсеткіштеріне назар аудару қажет.

2017 жылы Қытай АҚШ-қа 429,758 млрд АҚШ доллары (11,5%) сомасына өнім экспорттаса, ал АҚШ-тан 153,943 млрд АҚШ доллары сомасына өнім импорттады. Жалпы Қытай мен АҚШ-тың жалпы сыртқы сауда айналымы 583,701 млрд АҚШ долларын (12,3%) құрады (*ҚХР экономикалық шолу, 2017*). Осы елдер мен Қытайдың «айналы» саясаты арасындағы сауда қақтығысының басталуына қарамастан, 2018 жылы сыртқы сауда айналымының көрсеткіштері біршама ұлғайды: АҚШ-қа

Қытай экспорты – 478,423 млрд АҚШ долларын (11,3%), Қытайға американдық импорт 155,096 млрд АҚШ долларын (0,7%), ал сыртқы сауда айналымы – 633,519 млрд АҚШ долларын (8,5%) құрады (*ҚХР экономикалық шолу, 2018*). Бастапқы кезеңде сауда қақтығысы осы екі елдің сыртқы сауда өзара іс-қимылына әсер етпегенін мойындау керек, бұған жоғарыда келтірілген сандар дәлел бола алады. Бірақ 2019 жылдың өзінде осы елдер арасындағы сауда соғысының жалғасуына байланысты американдық тауарлардың ҚХР-ға экспорты небәрі 122,7 млрд АҚШ долларын құрады, өз кезегінде Қытайдың АҚШ-қа экспорты 418,5 млрд АҚШ долларын, ал сыртқы сауда айналымы 541,2 млрд АҚШ долларын құрады (*The Observatory of Economic Complexity*). Осылайша, сыртқы сауда айналымы алдыңғы 2018 жылмен салыстырғанда 1,2 есе төмендеді. Бұл екі елдің сауда қақтығысының нәтижесі.



1 сурет - Қытай мен АҚШ сыртқы сауда айналымы

Егер инвестициялық қызметті қарастыратын болсақ, ҚХР-дың АҚШ-қа тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ) ағыны 2016 жылғы 45,6 млрд АҚШ долларынан 2017 жылы 29,4 млрд АҚШ долларына дейін, ал содан кейін 2018 жылы 4,8 млрд АҚШ долларына дейін қысқарғанын атап өткен жөн (*Morrison, 2018*). АҚШ-қа қытайлық ТШИ ағындарының төмендеуі Бейжіңнің капиталдың шамадан тыс кетуін реттеуге бағытталған әрекеттері нәтижесінде, сондай-ақ Трамп әкімшілігінің американдық озық технологияларға бақылауды күшейтуі салдарынан болған құбылыс.

Соңғы бірнеше онжылдықтағы Қытайдың жедел экономикалық өсуі тікелей шетелдік инвестициялардың (ТШИ) ағынынсыз және 2001 жылы Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіргеннен кейін экспорттың ұлғаюынсыз мүмкін болмас еді. Сауда соғысы он жылдық тенденцияларды артқа шегеруге және Қытайдың экономикалық өсуіне төмен қысым көрсетуге қауіп төндіретіні анық. 2019 жылдың 3-тоқсанындағы ресми 6 пайыздық өсім 1992 жылдың 1-тоқсанынан бастап ең баяу өсу болып табылды. Ал нақты сандар айтарлықтай төмен болуы мүмкін. Қытай ғалымдарының көпшілігі Қытайдың сауда соғысына қатысты жариялаған қарсы мәлімдемесіне берік екенін байқатады. Фудань университетінің Халықаралық қатынастар және қоғамдық байланыстар мектебінің профессоры Сун Гою Америка Құрама Штаттарына қарсы позицияны ұстануды және «қарсы тұруды» қолдайды (*Song, 2019*). Ол сауда соғысы қытайлық

бизнеске теріс әсер еткенін мойындайды. Алайда ғалым «тұтас және ұзақ мерзімді тұрғыдан алғанда, бұл әсер жалпы сипатқа ие. Мұны бақылауға болады және Қытайдың экономикалық дамуының жан-жақты айқын артықшылықтары сауда соғысында жеңімпаз болға мүмкіндік береді» деген пайымда. Сун Гоюдің айтып отырған басымдықтары қатарына Қытай Коммунистік партиясының көшбасшылығы, кеңейтілген ішкі тұтыну нарығы, барған сайын күрделеніп келе жатқан инфрақұрылым және қытайлық экономиканың жаһандық экономикалық жүйемен кең көлемді кіріуін жатқызамыз. Әрине, жаһандық нарық кең екені анық. Алайда жаһандық нарықтың өзге қатысушылары Вашингтон консенсусынан қол үзбесе, халықаралық сауда нарығының ережелері АҚШ пайдасына жұмыс жасай берері анық. Сол себептен де сауда соғысының сын-тегеуріндерімен ресми Пекиннің жете санасары заңдылық.

Нанкин Университеті Экономика институтының профессоры Чжун Мочу Қытайдың АҚШ-пен жүріп жатқан сауда соғыстарынан жеңімпаз болып шығарына сенімді. Оның пайымынша, екі мемлекет арасындағы өзара экономикалық тәуелділіктің жоғары деңгейі Қытай экономикасының толық құлдырауын немесе жан-жақты жолын кесуді қиындатады. Сонымен қатар профессор Чжун Мочу, «сауда соғысы салдарынан туындаған жаңа сын-тегеуріндер Қытайдың өзінің экономикалық жүйесін реформалауға оң ықпал етеді деп» (*Zhong, 2019*) пайымдайды.

Қытайлық сарапшылардың пікірінше, Америка Құрама Штаттары

Қытайды «толық өндіріс тізбегінен» шығара алмайды. Себебі, олардың экономикалық жүйесі жоғары бағаға төтеп бере алмайды (Zhong, 2019). Ал өз кезегінде Қытайға АҚШ тарапынан жасалып отырған сауда кедергілерін жою немесе оның салдарын әлсірету бағытындағы шаралар Қытай экономикасының жаңа түлеуіне оң ықпалын тигізбек. Аталмыш кедергілерге төтеп берудің маңызды әдісі жаңа салаларды дамыту арқылы экономикалық және сауда соғыстарынан зардап шеккен салаларды ауыстыру болып табылмақ.

Сонымен қатар, Чжун Мочу экспорттаушыларды қолдау үшін Қытай Халық Банкісі арқылы әлсіз юаньді қолдай отырып (юаньнің резервтік валюта ретінде оның тартымдылығын арттыру жасанды тежей отырып), Қытай өзінің басқа да халықаралық сауда серіктестерімен екіжақты сауда қатынастарын юаньмен жүргізуді жандандыру қажет деп есептейді (Zhong, 2019).

Қорытынды

Қай тараптың ұстанымынан алып қарасақта, бүгінде АҚШ пен Қытай арасында болып жатқан жағдай заңды құбылыс. Қарыштап дамыған Қытай халықаралық экономикалық кеңістікте АҚШ-тың тынысын тарылта түсіп, американдықтардың дәстүрлі «өмір

кеңістігіне» нұқсан келтіре бастады. Қытай өздерін әлі де болса дамушы мемлекет ретінде танытып, мүмкіндіктерін жасыра түскенімен қазіргі заманғы заманауи техникаларды терең игеріп ғана қоймай, өздері аса күрделі технологияларды жасап шығара бастады. Бұл АҚШ тәрізді әрқашан бірінші болуға ұмтылған мемлекет үшін келісе алмайтын құбылыс. Трамп билігі өзінің кенет қимылдарымен ерекшеленгені болмаса, 2016 жылғы сайлауда демократтар жеңіске жеткен болса да, АҚШ-тың Қытайға қатысты саясаты қатаң болар еді. Оны соңғы жылдардағы АҚШ-тың ең ірі зерттеу орталықтарының (think tanks) пайымдарынан-ақ көруге болады. Сондай-ақ, американдық қос партияның да Қытайға қатысты ұстанымы бірдей. Республикандықтар мен демократтар да АҚШ-тың басты геосаяси әрі геэкономикалық қарсыласы ретінде Қытайды таниды. Байден әкімшілігі де АҚШ-тың Қытайға қатысты протекционистік ұстанымын түбегейлі әлсіреткен жоқ. Яғни АҚШ пен Қытай арасындағы теке-тірес әлемде болып жатқан көптеген геосаяси өзгерістерге қарамастан жалғаса беретіні сөзсіз. Ал Трамп болуға тиісті заңды құбылыстың басын бастап берген шалыс қимылды бірбеткей саясаткер ретінде тарихта қалары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Vinogradov A.O., Salitsky A.I., Semenova N.K. (2019). US-China Economic Confrontation: Ideology, Chronology, Meaning. *Vestnik RUDN. International Relations*, 19(1), 35-46.
- Analysis of US Corporate Tax Reform Proposals and their Effects for Europe and Germany*. (2017) Final report. Mannheim: ZEW. http://ftp.zew.de/pub/zew-docs/gutachten/US_Tax_Reform_2017.pdf
- Morrison W. M., Labonte M. (2013). China's Holdings of U.S. Securities: Implications for the U.S. Economy. *CRS Report RL34314, Congressional research service*. <https://fas.org/sqp/crs/row/RL34314.pdf>
- The White House. Washington, DC*. (2017, March 31). Presidential Executive Order on Establishing Enhanced Collection and Enforcement of Antidumping and Countervailing Duties and Violations of Trade and Customs Laws. <https://www.gpo.gov/fdsys/pkg/STATUTE-88/pdf/STATUTE88-Pg1978-2.pdf7>
- Song, G. (2019, August 29). "To End the War, China Should Fight, Must Dare to Fight, And Can Fight Well". *People's Daily 人民日报* <http://opinion.people.com.cn/GB/.html>
- Tax Reforms in the United States: Implications for International Investment*. (2018). UNCTAD Investment Trend Monitor. Issue 29. Special Edition. http://unctad.org/en/PublicationsLibrary/diaeia2018d2_en.pdf
- The Observatory of Economic Complexity*. <https://oec.world/ru/>
- House Office of the Legislative Counsel. Washington, DC*. (2018, March 23). Trade Act of 1974. Public Law 93-618, as amended through P.L. 115-141, Enacted.
- Suisheng Z., Guo D. (2019). A New Cold War? Causes and Future of the Emerging US-China Rivalry. *Vestnik RUDN. International Relations*, 19(1), 9-21.

Zhong Maochu. (2019, June 14). "China's Economy Is Fully Capable of Coping with Escalating Sino-US Economic and Trade Frictions", *Specials 特别策划*.

Торговое представительство Российской Федерации в Китайской Народной Республике. (2017). Годовой обзор состояния экономики и основных направлений внешнеэкономической деятельности Китайской Народной Республики в 2017 г. <http://www.russchinatrade.ru/assets/files/Обзор%20экономики%202017.pdf>

Торговое представительство Российской Федерации в Китайской Народной Республике. (2018). Годовой обзор состояния экономики и основных направлений внешнеэкономической деятельности Китайской Народной Республики в 2018 г. <http://www.russchinatrade.ru/assets/files/Обзор%20экономики%202018.pdf>

REFERENCES

Vinogradov A.O., Salitsky A.I., Semenova N.K. (2019). US-China Economic Confrontation: Ideology, Chronology, Meaning. *Vestnik RUDN. International Relations*, 19(1), 35-46.

Analysis of US Corporate Tax Reform Proposals and their Effects for Europe and Germany. (2017) Final report. Mannheim: ZEW. http://ftp.zew.de/pub/zew-docs/gutachten/US_Tax_Reform_2017.pdf

Morrison W. M., Labonte M. (2013). China's Holdings of U.S. Securities: Implications for the U.S. Economy. *CRS Report RL34314, Congressional research service*. <https://fas.org/sgp/crs/row/RL34314.pdf>

The White House. Washington, DC. (2017, March 31). Presidential Executive Order on Establishing Enhanced Collection and Enforcement of Antidumping and Countervailing Duties and Violations of Trade and Customs Laws. <https://www.gpo.gov/fdsys/pkg/STATUTE-88/pdf/STATUTE88-Pg1978-2.pdf7>

Song Guoyoun. (2019, August 29). "To End the War, China Should Fight, Must Dare to Fight, And Can Fight Well". *People's Daily 人民日报* <http://opinion.people.com.cn/GB/.html>

Tax Reforms in the United States: Implications for International Investment. (2018). UNCTAD Investment Trend Monitor. Issue 29. Special Edition. http://unctad.org/en/PublicationsLibrary/diaeia2018d2_en.pdf

The Observatory of Economic Complexity. <https://oec.world/ru/>

Торговое представительство Российской Федерации в Китайской Народной Республике. (2017). Годовой обзор состояния экономики и основных направлений внешнеэкономической деятельности Китайской Народной Республики в 2017 г. <http://www.russchinatrade.ru/assets/files/Обзор%20экономики%202017.pdf>. (in Russian)

Торговое представительство Российской Федерации в Китайской Народной Республике. (2017). Годовой обзор состояния экономики и основных направлений внешнеэкономической деятельности Китайской Народной Республики в 2018 г. <http://www.russchinatrade.ru/assets/files/Обзор%20экономики%202018.pdf>. (in Russian)

House Office of the Legislative Counsel. Washington, DC. (2018, March 23). Trade Act of 1974. Public Law 93-618, as amended through P.L. 115-141, Enacted.

Suisheng Z., Guo D. (2019). A New Cold War? Causes and Future of the Emerging US-China Rivalry. *Vestnik RUDN. International Relations*, 19(1), 9-21.

Zhong Maochu. (2019, June 14). "China's Economy Is Fully Capable of Coping with Escalating Sino-US Economic and Trade Frictions", *Specials 特别策划*.

THE TRUMP FACTOR IN AMERICAN-CHINESE RELATIONS

Aibolat DALELKHAN, PhD, acting Associate Professor, Eurasian National University named after L.N.Gumilyov, Nur-Sultan, Kazakhstan, dalelkhan@gmail.com

Dana TUREKULOVA, Master student of the Faculty of International Relations, Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, Nur-Sultan, Kazakhstan, turekulovadana@gmail.com

ФАКТОР ТРАМПА В АМЕРИКАНО-КИТАЙСКИХ ОТНОШЕНИЯХ

Айболат ДАЛЕЛХАН, доктор PhD, и.о. ассоциированного профессора, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан, dalelkhan@gmail.com

Дана ТУРЕКУЛОВА, магистрантка факультета международных отношений, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан, turekulovadana@gmail.com